

Б.Қ. СУЛЕЙМЕНОВ, А.А. СМАГУЛОВА, Н.С. ТУРЫСБАЕВА, Ж.Е.АЙЕКЕШОВ
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚАЗҰМУ анестезиология және реаниматология кафедрасы

СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОҒАН ЫҚПАЛ ЕТУШІ ФАКТОРЛАРҒА ШОЛУ

Студент жастар денсаулығы күн тәртібінің дұрыс құрылмауы, тамақтану кестесінің дұрыс болмауы (белок, дәрумендер, микронутриенттер жетіспеушілігі), қолайсыз экологиялық жағдай, кейбір жайлардағы жастарға қажетті гигиеналық жағдайдың сақталмауы және оқу бағдарламалары мен сабақ кестелерінің студенттердің қабылдау ерекшеліктерін ескермей құрылуы сияқты көптеген факторлар әсеріне байланысты болады [1-9].

Мысалға Ресейлік медициналық ғылым академиясының көпжылдық зерттеу мәліметі бойынша мектеп жасынан шығып, жаңа өмірге аяқ басу жасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында таралған ауру мен функциональдық тұрғыдағы ауытқушылықтардың басым бөлігі (45-47% деңгейде) жаңа ортадағы еңбек гигиенасы мен олардың дұрыс дем алып, уақытылы тамақтана алмауы сияқты факторлармен байланыста болатындығы дәлелденген [6,7].

Түйінді сөздер: студенттер, денсаулық көрсеткіші.

Осыған сәйкес біздің зерттеу тобымыздың алдыға қойып отырған **мақсаты** Алматы қаласындағы С.Ж. Асфендияров атындағы ҚАЗҰУ медициналық университетінің 1 курсына оқып жатқан студенттердің денсаулық жағдайына 2014 жылғы медициналық тексеріс қорытындылары негізінде талдау жасап, белгілі болған нәтижелерді осы университеттің 5 курсына оқитын балалардың денсаулық жағдайымен салыстыру болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдары.

Жоғарғы оқу орындарында білім алып жатқан студент жастардың денсаулық жағдайына қатысты ақпараттар олардың тұрғылықты мекен жайы мен жатаханалық поликлиникалардың жыл сайынғы жоспарлы түрде жүргізіп отыратын скринингтік және тереңдетілген медициналық тексерістер қорытындысына негізделіп, аспаптық және зертханалық тексерістер көмегімен қойылған диагноздар статистикалық әдістің көмегімен топтастырылды.

Аспаптық зерттеулер УЗИ, Рентген сияқты сәулелі және фибробронхоскопиялық зерттеулерді қамтыса, ал зертханалық зерттеулер санатына зәр, қан (Нв, Эр, тромбоциттер, лейкоциттер, қанның үю қабілеті және т.б.) және биохимиялық коагулограммалық зертеулер қорытындылары алынды. Диспансерлік есепте тұратын студенттердің тоқсан сайынға дәрігер мамандармен анықталған қорытындылары сарапталып, олар ауру кластарының түріне байланысты жіктелініп отырды.

Жалпы зерттеумен негізгі топ санатында алғашқы курстың 124 студенті алынса, ал салыстыру тобы санатында аталмыш университеттің 5 курсына оқып жатқан 42 студент алынды. Бұл тұста бір айта кететін жайт, зерттеумен қамтылған студенттердің барлығы «кездейсоқ таңдау» (методом случайной выборки) әдісімен алынды және де университеттің алғашқы курсына оқитын балалар әртүрлі факторлардың ықпалына жиі ұшырап, осыған сәйкес олардың денсаулық жағдайлары жоғарғы курс студенттерімен салыстырғанда анағұрлым әлсіздеу болатындығы ескерілді.

Зерттеу мерзімі бір жыл (2014ж) мерзімді қамтып, бақылау және салыстыру топтарындағы белгілі болған мәліметтерге Стьюдент әдісімен статистикалық сараптама жүргізілді. Әр топтың сандық шамалары арнайы құрастырылған кестелерге қондырылып, графикалық түзулер құрастырылды.

Зерттеулер нәтижесі: Ауру кластарының топаралық таралуындағы көрсеткіштік шамаларды салыстыру барысында алғашқы және соңғы курс студенттері арасындағы айырмашылықтар белгіленді (кесте 1). Дәлірек айтқанда, алғашқы курс студенттері арасындағы анықталған аурушандық шама - $1545 \pm 32,42$, ал соңғы курс студенттерінде анықталған бұл көрсеткіш - $1033,3 \pm 29,06$ – да болып, топаралық салыстыру нәтижесі жоғарғы статистикалық шынайылықты берді ($P < 0,001$).


Кесте 1 - Зерттеумен қамтылған студент жастар арасында тіркелінген ауру кластарының таралуы мен көрсеткіштік деңгейіне сипаттама (1000 адамға шаққанда)

Ауру кластары	1 курс		5 курс		Шынайылық дәрежесі «Р»
	Саны	Көрсеткіші $M \pm m$	Саны	Көрсеткіші $M \pm m$	
Жұқпалы-паразиттік дерттер	5	45,47 $\pm 1,12$	2	16,6 $\pm 2,33$	$P > 0,001$
Қан және қан айналыс жүйесі аурулары	21	190,4 $\pm 7,33$	12	100,5 $\pm 7,32$	$P < 0,001$
Эндокриндік жүйе аурулары	8	72,71 $\pm 3,02$	4	33,3 $\pm 4,12$	$P < 0,001$
Жүйке жүйесі аурулары	40	363,64 $\pm 14,36$	25	208,4 $\pm 12,9$	$P < 0,001$
Сезімжүйесі аурулары	3	27,2 $\pm 0,35$	3	2,5 $\pm 0,13$	$P < 0,001$
Демалу жүйесі аурулары	20	181,8 $\pm 6,45$	18	150,2 $\pm 10,22$	$P > 0,001$
Ас қорыту жүйесі аурулары	25	227,7 $\pm 11,28$	15	125,5 $\pm 7,07$	$P < 0,001$
Жыныс, зәр жүйесі аурулары	7	17,31 $\pm 1,12$	12	103,2 $\pm 9,09$	$P < 0,001$
Туабіткен кемістіктер	2	18,1 $\pm 0,54$	1	14,63 $\pm 0,31$	$P < 0,05$
Жарақаттану, улану	9	8,1 $\pm 0,36$	10	8,3 $\pm 5,12$	-

Басқа да дерттер	30	272,7 ±10,8	22	183,3 ±13,6	P<0,001
Жалпытіркелінген аурушаңдық көрсеткіші	170	1545 ±32,42	124	1033,3 ±29,06	P<0,001

Ары қарайғы жүргізілген салыстырулар белгіленіп отырған жалпы аурушаңдық шаманың әр ауру классына қатысты таралуын сараптауға бағытталды. Бұл жүргізілген зерттеулер негізгі және бақылау топтарындағы ауру класстарының таралу динамикасының айтарлықтай айырмашылықты беретіндігін көрсетті. Қолға алынып отырған жұмыстың мақсаты әртүрлі ауру класстарының салыстыру топтарындағы таралуына сипаттамма беру болғандықтан, келесі кезеңде осы бағытта атқарылған зерттеулер қортындысын төмендегідей диаграмма түрінде көрсетуді жөн көрдік (сурет 1).

Зерттеу топтары арасындағы ең таралымы жоғары ауру классы санатында қарастырылып отырған жүйке жүйесі ауру классына қатысты белгілер мен шағымдар топтамасы скринингтік және арнайы жүргізілген сауалнамалар барысында анықталып, бұл класс белгілері 1 курстабілім алып жатқан 40 балада анықталып, $363,64 \pm 14$ көрсеткіштік деңгейде болса, ал бұл ауру классына қатысты белгілердің 5 курс студенттерінде таралу көрсеткіші $208,4 \pm 12,9$ шамасында болып, 1 курс студенттерінің осы класс ауруларына қатысты шағымдар тобына 5 курс студенттерімен салыстырғанда $1,7$ есеге дейін артық шамада болғандығы тіркелінді және жоғарғы дәрежедегі топаралық статистикалық айырмашылықтарды көрсетті ($P < 0,001$).



Сурет 1 – Студенттерің аурушаңдық көрсеткішін зерттеу топтарында салыстыру

Зерттеу топтары арасындағы ең таралымы жоғары ауру классы санатында қарастырылып отырған жүйке жүйесі ауру классына қатысты белгілер мен шағымдар топтамасы скринингтік және арнайы жүргізілген сауалнамалар барысында анықталып, бұл класс белгілері 1 курстабілім алып жатқан студенттер арасында $363,64 \pm 14$ көрсеткіштік деңгейде болса, ал бұл ауру классына қатысты белгілердің 5 курс студенттерінде таралу көрсеткіші $208,4 \pm 12,9$ шамасында болып, 1 курс студенттерінің осы класс ауруларына қатысты шағымдар тобына 5 курс студенттерімен салыстырғанда $1,7$ есеге дейін артық шамада болғандығы тіркелінді және жоғарғы дәрежедегі топаралық статистикалық айырмашылықтарды көрсетті ($P < 0,001$).

Студент жастар арасында жүйке жүйесі ауру классынан кейінгі алдыңғы орынды ас қорыту жүйесіне қатысты шағымдар топтамасы иемденген. Бұл ауру классына қатысты ауру белгілерінің басым бөлігі медициналық аспапты және клиникалық зертханалық тексерістерден кейін анықталынып, топаралық көрсеткіштік шамалардың таралуы 1 курс студенттері арасында $227,7 \pm 11,28$; 5 курс студенттері тобында $125,5 \pm 7,07$ деңгейінде болды. Белгілі көрсеткіштік шамаларды өзара салыстыру 1 курс тобына қатысты шамалық деңгейдің 5 курс студенттері көрсеткішінен $1,8$ есеге артық болғандығы, немесе жоғарғы оқу орнының алғашқы курс студенттері арасындағы ас қорыту жүйесіне қатысты аурушаңдық белгілері мен шағымдар топтамасының 5 курс студенттерімен салыстырғанда $1,8$ есеге дейін жиі кездесетіндігі тіркелінді.

Қан және қанайналу жүйесі ауруларына қатысты ауру белгілері мен шағымдар топтамасының топаралық таралуы да жоғарғы берілген ауру класстарының таралу заңдылықтарына ұқсас келіп, 1 курс студенттері арасындағы шама - $190,4 \pm 7,33$; 5 курс студенттері арасында белгіленген көрсеткіштік деңгейі - $100,5 \pm 7,32$; ал мектеп оқушылары арасында тіркелінген көрсеткіштік деңгейдің $100,71 \pm 10$ шамасында болғандығы белгіленді.

Яғни, қан және қанайналу жүйесіне қатысты ауру белгілері мен шағымдар топтамасының мектеп балаларымен салыстырғанда 1 курс студенттері арасында $1,9$ есеге, ал 5 курс студенттерінің көрсеткіштік шаманың шамамен бір деңгейде болатындығы анықталып, жоғары дәрежедегі топаралық статистикалық айырмашылықты көрсетті ($P < 0,001$).

Демалу жүйесі ауру классына қатысты аурушаңдық белгілері де 1 курс студенттері тобында жоғарғы басымдылықты көрсетіп, $242,8 \pm 12,13$ шамамен салыстыруға алынып отырған 5 курс студенттері көрсеткішінен ($181,8 \pm 6,45$) $1,3$ есеге артық шамада болғандығы тіркелінген.

Бұл тұста, алғашқы курс студенттерінің тұмау және басқа да жоғарғы тыныс жолдары ауру белгілерімен жиі ауырып қалуындағы басты себептердің бірі университет қабырғасында медициналық, дәрігерлік пункт қызметкерлерінің жиі-жиі студенттер денсаулығын жіті бақылап, дер кезінде қажетті диагностикалық шараларды іске асырып отыруымен түсіндіруге болады. Қалай болғанда да медициналық құжаттар мен тексерістер және анкеталық сұраулар нәтижесі студенттер арасындағы ең көп таралған ауру классы тыныс жолдары ауру классына қатысты екендігін көрсетіп берді.

Ары қарайғы жүргізілген зерттеулер нәтижесі жалпылама топта жүйке жүйесі ауру класстарынан кейінгі орындарда ас қорыту ($17,7\%$), тыныс алу жүйесі ($16,5\%$) және қан айналу жүйесі ($14,5\%$) аурушаңдық белгілерінің алатындығын көрсетті (сурет 2).



Сурет 2 - Негізгі ауру класстарының жалпылама топтағы таралуына сипаттама

Белгілі болған мәліметтер студент жастардың тіркелінген емхана мекемелеріндегі медициналық құжаттардан (ф-055: ф-112) алынып отырғандықтан, анықталған ақпараттарды ауру класстарына қатысты жүйелеу, жыныстық және жастық топтарына қарай сұрыптау көп мерзімді зерделеуді қажет ететіндіктен, біздің зерттеу тобымызбен ең көп таралған, яғни алғашқы рангілік орындарға ие болған аурулар класстарына (жүйке жүйесі, тыныс жолдары, ас қорыту жүйесі және қан, қан айналу жүйесі) ғана сараптама жүргізілді.

Қорытындылай келгенде, жүргізілген зерттеулер нәтижесі жоғарғы оқу орындарындағы оқу кестелері мен құрылымдарының, көпшілік жағдайда алғашқы курс студенттерінің денсаулық жағдайларын ескермей жасалуы студенттердің ағзасындағы функциональдық немесе патологиялық дәрежедегі өзгерістерге әкеліп соқтыруы әбден мүмкін екендігін дәлелдеп берді.

Сол себепті де, медициналық университет қабырғасына түсіп, алғашқы курс студенті атанған жастардың денсаулығын жан-жақты және терең түрде медициналық тексерістерден өткізіп, қажет болған жағдайда ладын алу шараларын уақытылы белгілеу болашақ дәрігер мамандар үшін көрсетілген үлкен құрмет болар еді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.А. ҚР мемлекеттік жастар саясатының концепциясы, 1999.-15 бет;
- 2 Здоровый образ жизни студентов и его формирование., Л.А. Терентьев, Н.В. Долматова, Мәскеулік мемлекеттік әлеуметтік университет, 2010ж.
- 3 «Образ жизни и здоровье студентов» Луиза Асхабова, «Дагестанская правда», Республикалық қоғамдық-саяси газеті, №54, 05.09.2008ж.
- 4 Аветисян, Л.Р. Изучения влияния повышенной учебной нагрузки на состояние здоровья учащихся / Л.Р.Аветисян, С.Г.Кочарова // Гигиена и санитария. – 2001. – №6. –48 – 49 беттер.
- 5 Белов, В.Б. Уровень образования и самооценки здоровья населения / В.Б.Белов // Әлеуметтікгигиена, денсаулықсақтау және медицина тарихы мәселелері М.: Медицина. – 2003. – №1. – 14 – 19беттер.
- 6 Ваганова, Л.И. Медико-социальная характеристика студентов-подростков, новые подходы к совершенствованию организации медицинской помощи: мед. ғыл. канд. дис. автореф. / Л.И. Ваганова. – Уфа, 2003ж.
- 7 Вишняков, Н.И. Профилактика и диспансеризация студентов в современных условиях / Н.И. Вишняков, Л.В. Кочорова, Н.Ю. Колесникова, Ж.С. Деркун // Қоғамдық денсаулық, денсаулық сақтауды басқару және мамандарды дайындау. Ресейлік ғылыми конференцияның материалдары. – М., 2007. –142 – 144 беттер.
- 8 Prynjmachuk, Steven Richards, David A.Mental health nursing students differ from other nursing students: some observations from a study on stress and coping. International journal of mental health nursing.- Dec.2007.-Vol.16, issue 6.-p.390-402.
- 9 Turner A.P., Hammond C.L., Gilchrist M., Barlow J.H., Coventry university student's experience of mental health problems. //Counselling psychology quarterly.-Sep.2007.-Vol.20, issue 3.-p.247-252.

Б.Қ. СУЛЕЙМЕНОВ, А.А. СМАГУЛОВА, Н.С. ТУРЫСБАЕВА, Ж.Е.АЙЕКЕШОВ
ҚАЗНМУ им. С.Д. Асфендиярова, кафедра анестезиологии и реаниматологии

СОСТОЯНИЕ ЗДОРОВЬЯ СОВРЕМЕННЫХ СТУДЕНТОВ С УЧЕТОМ ВЛИЯНИЕ ОТРИЦАТЕЛЬНЫХ ФАКТОРОВ

Резюме: На современном этапе состояние здоровья студентов изучается на достаточном уровне. Тем не менее касающееся изменениям физиологической функции отдельных органов и систем под влиянием различных факторов изучается еще недостаточно. Настоящее исследование направлено на влияние некоторых малоизученных факторов современного общества на состояние здоровья студентов нашей республики.

Ключевые слова: Студенты, показатели здоровья.

B.K. SULEYMENOV, A.A. SMAGULOVA, N.S. TURYSBAEVA, ZH.E. AYEKESHOV
The Pulpit anesthesiology and resuscitation KAZNMU im. S.D. Asfendiyarova, BSNP Almaty

PICTURE OF HEALTH MODERN STUDENT WITH PROVISION FOR INFLUENCE NEGATIVE FACTOR

Resume: On modern stage picture of health student is studied on sufficient level. However concerning change to physiological function separate organ under influence different factor is studied else it is not enough. The Present study is directed on influence some factor modern society on picture of health student of our republic.

Keywords: Students, factors of health.